



"Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 34 ~V950075 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсан N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 69. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының

К 0 1 0 2 0 9 _

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Жер салығын есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 34 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1

V 9 7 0 0 6 9 _

бұйрығы.

II бөлімнің 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Меншігінде немесе тұрақты пайдалануында жер учаскесі бар заңды және жеке тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады".

XIV бөлімде:

62-тармақ:

3)-тармақшадағы "кәсіпкерлік қызметке пайдаланылатын және жалға берілген жер учаскелерінен басқа" деген сөздер алынып тасталсын;

5)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Ұлттық Банкі, оның филиалдары, өкілдіктері мен ұйымдары,";

63-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген, Ақмола қаласында

құрылыс салушы заңды тұлғалар, бірақ бес жылдан артық емес, құрылысқа байланысты қызметі кезінде.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. 62-тармақтың 1)-5)-тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар оның пайдалануына немесе жалға беру кезінде жерге салық төлеуден босатылмайды."

4-қосымша "Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық ставкалар" мынадай редакцияда жазылсын:

"Елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың базалық ставкалары бір шаршы метр алаңға есептеліп мынадай мөлшерде белгіленеді:

Тұрғын емес құры.	Тұрғын үй қоры	
лыстар, ғимараттар,	алып жатқан жер.	
оларды ұстауға	лерге, олардың	
қажетті учаскелер,	жанындағы	
сондай-ақ объекті.	құрылыстар мен	
лердің санитария.	ғимараттарды	
Елді мекеннің түрі	лық-қорғаушы	қоса алғанда,
аймақтары, техника.	теңгемен салы.	
лық және өзге	натын салық	
аймақтар алып	ставкасы	
жатқан жерлерге		
теңгемен салынатын		
салық ставкасы		

Қалалар:			
Алматы		15,00	0,2
Ақмола		10,00	0,2
Ақтау		5,00	0,2
Ақтөбе		3,50	0,2
Атырау		4,25	0,2
Тараз		4,75	0,2
Қарағанды		5,00	0,2
Қызылорда		4,50	0,2
Қостанай		3,25	0,2
Павлодар		3,00	0,2
Петропавл		3,00	0,2
Орал		3,00	0,2
Өскемен		5,00	0,2
Шымкент		4,75	0,2
Алматы облысы:			
облыстық маңыздағы қалалар		3,50	0,2
аудандық маңыздағы қалалар		3,00	0,2
Ақмола облысы:			0,2
облыстық маңыздағы қалалар		3,00	0,2
аудандық маңыздағы қалалар		2,60	0,2
Облыстық маңыздағы басқа			
қалалар:	облыс орталығы		0,2
	үшін белгіленген		
	ставканың		
	85 проценті		
Аудандық маңыздағы басқа			
қалалар:	облыс орталығы		0,1
	үшін белгіленген		
	ставканың		
	75 проценті		
Қыстақтар		0,50	0,07
Село (ауылдар)		0,25	0,05

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің Әдістеме

Кеңесімен келісілген

1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК